

"Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын, әкімдерін сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағатқа тапсырудың және жоюдың Ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/251 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2010 жылғы 23 ақпандағы N 172/323 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 17 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6131 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 13/210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 25.06.2013 № 13/210 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабы 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын, әкімдерін сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағатқа тапсырудың және жоюдың Ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы № 33/251 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 932 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының тақырыбы мен 1-тармағында «, әкімдерін» деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 12-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;**

3) аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын, әкімдерін сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағатқа тапсырудың және жоюдың Ережесінде: атауында «, әкімдерін» деген сөз алынып тасталсын;

1 - т а р м а қ т а :

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

«Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген әкімдердің сайлауын өткізу ережесінің,» деген сөздер алынып тасталсын;
«, әкімдерін» деген сөз алынып тасталсын;
бесінші абзацта «, әкімдерін» деген сөз алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

төртінші және бесінші абзацтарда «, әкімдерін» деген сөз алынып тасталсын;
алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші және он сегізінші абзацтар алынып тасталсын;

5-тармақта «, әкімдерін» деген сөз алынып тасталсын;

6-тармақтың алтыншы абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне, облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларының төрағаларына , Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына, Мәдениет және ақпарат министрлігіне жіберілсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>О р т а л ы қ с а й л а у</i>	<i>к о м и с с и я с ы н ы ң</i>
<i>Төрағасы</i>	<i>Қ. Тұрғанқұлов</i>	
	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>О р т а л ы қ с а й л а у</i>	<i>к о м и с с и я с ы н ы ң</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Б. Мелдешов</i>	